

**Ақтөбе облысы Хромтау қаласындағы «Tugan Qala Birlestik» жобасының
«Эскиздік жобаны және оқиғалық толтырылуын әзірлеу» жобалық семинарының
№ 3 хаттамасы
«Ескі балалар қалашығы» бағыты**

Хромтау қ.

«18» қараша 2023ж.

Қатысушылар: Хромтау қаласының тұрғындары, Хромтау қаласы және Хромтау ауданы әкімдігінің өкілі, жобалау орталығы, сәулетші, ТАУ ДА ЗТБ, ERG.

Қатысқандар: 54 адам, оның ішінде дауыс беру кезінде 35 адам, «Ескі балалар қалашығы» бағыты бойынша топтық жұмыста-16 адам.

Өткізу орны, күні және уақыты:

3.1. Өтетін орны: Қазақстан Республикасы, Хромтау қаласы, Есет батыр көшесі, 9, «Хромтау тау-кен-техникалық жоғары колледжі» МКҚК.

3.2. Өткізу күні мен уақыты: 2023 жылғы «18» қараша 10 сағат 30 минуттан 14 сағат 00 минутқа дейін.

1. Күн тәртібі

1. Ескі балалар қалашығын абаттандыру эскизін бекіту.
2. Жаңартылған ескі балалар қалашығын ашуға арналған іс-шараның тұжырымдамасы мен жоспарын әзірлеу.

2. Талқылауға қатысушылардың шешімдері мен ұсынысы

2.1. Ескі балалар қалашығын абаттандыру эскизін бекіту.

Ескі балалар қалашығын абаттандыру эскизі **ұсынылды және талқыланды** (1-қосымшаны қараңыз).

Шешті:

ескі балалар қалашығының локациясын абаттандыру эскизі бекітілсін. Тұрғындардың пікірлері толығымен келісілді, дауыс беру қажет болмады.

2.2. Жаңартылған ескі балалар қалашығын ашуға арналған іс-шараның тұжырымдамасы мен жоспары*

Іс-шара атауы: «Хромтауленд» – ертегі қалашығының ашылуы	
1. Қатысушылар Жақын маңдағы үйлерде тұратын балалары бар отбасылар. Мереке аясындағы іс-шара келесі топтарды қамтуы тиіс: • 5 жасқа дейінгі балалар • 6 жастан 10 жасқа дейінгі балалар • 10 жастан асқан балалар • ересектер (ата-аналар, ата-әжелер) Қатысушылардың жалпы саны-300 адам, оның ішінде 100 адам - 14 жасқа дейінгі балалар.	2. Мақсат Ұлттық фольклордың элементтері мен кейіпкерлері, сондай-ақ жаңа ертегі мультфильм кейіпкерлері бар ертегі стиліндегі классикалық отбасылық мерекені ұйымдастыру. Өткізу уақыты: • қалаулы мерзім - 2025 жылғы 1 маусым • жұмыстардың аяқталу дәрежесі бойынша - 2024 жылғы желтоқсанда жаңа жылға дейін.
3. Ұйымдастырушылар Әкімдік, қаланың және жақын маңдағы үйлердің белсенділері, қала кәсіпкерлерінің қатарынан демеушілері, жастар кеңесі.	4. Ақпараттандыру Үйлердің тұрғындары мен балалары бар отбасыларға әлеуметтік желілер мен хабарландырулар арқылы еріктілер мен әкімдік хабарлайды. Әлеуметтік желілер арқылы қала қонақтарына - ЖО Қала тұрғындарына ЛЭД экрандар, паракшалар арқылы еріктілер хабарлайды.
5. Сценарий Ұзақтығы жылдың мезгіліне байланысты 2-ден 5 сағатқа дейін.	6. Рөлдер (сценарийге сәйкес) Әкімдіктің мәдениет бөлімі - ұйымдастыру бөлімі.

1) ERG және әкімдік өкілдерінің кіріспе сөздері 2) Лента кию 3) Балаларды жас топтары бойынша аниматорларға бөлу 4) Конкурстар мен жарыстар өткізу (жыл мезгіліне байланысты): арқан тарту, секіргіштермен секіріп жарысу, асфальттағы суреттер, ақшақарды мүсіндеу, байпақ лақтыру, "Сиқырлы сандықты тап" квесті, викторина. 5) Қолдан жасалған бұйымдар ұсынылатын қалалық шеберлер жәрмеңкесі (іс-шара бойы) 6) Конкурстар мен жарыстарға қатысушыларды салтанатты марапаттау (тәтті сыйлықтар, жұмсақ ойыншықтар) 7) Би флешмобы 8) Аумақты жабу, жинау	Өрт сөндіру, жедел жәрдем, полиция - қауіпсіздікті қамтамасыз ету. ERG - Тапсырыс беруші және демеуші. Жастар кеңесі/белсенділер – тазалау. Мобилограф - түсіру.
7. Тұрғындардың үлесі Жастар кеңесі – ұйымдастыруға көмек. Еріктілер - аумақты тазалау және безендіру. Кәсіпкерлер - балаларға арналған сыйлықтар және ақпараттандыруға көмек	8. Шығындар 1) Аниматорларға ақы төлеу (5 адам) - 200 мың теңге 2) Балаларға сыйлықтар - 600 мың теңге 3) Әр балаға арналған шарлар - 50 мың тңг 4) Әр балаға балмұздақ (егер жазда болса) - 100 мың теңге 5) Қазақ және орыс тілдерінде жүргізушілер (2 адам) - 100 мың теңге 6) Жарнамалық парақшалар дайындау - 20 мың тңг 7) Фотоаймақ – 180 мың тңг 8) Аумақты безендіру және әсемдеу – 200 мың теңге Барлығы: 1500 мың теңге
9. Қатысуды қалай ынталандыруға болады? Ертегі кейіпкерлерінің костюмдеріндегі аниматорларды шақыру, барлық балаларға тегін балмұздақ пен шарлар және бірқатар іс-шаралар өткізу арқылы: «Сиқырлы сандықты тап» квесті - Қалалық шеберлер жәрмеңкесі - Ұлттық ойындар	10. Тағы не жасалуы керек? Іс-шара желтоқсан айында жаңа жыл қарсаңында өткізілген жағдайда демалыс күнін таңдаңыз

* Аумақты абаттандыру эскизін пысықтау бойынша топтық жұмысқа қатысушылардың ұсынысы: жобалау-сметалық құжаттаманы дайындау кезінде қаржыландыру үшін осы жобаны таңдаған жағдайда, қазіргі уақытта аумақта орналасқан және жақсы жұмыс жағдайындағы бірқатар объектілерді (мысалы, қоршау, тұтас орындықтар, балансиерлер) сақтау ұсынылады.

3. Хаттаманы жариялау және сақтау

3.1. Осы хаттама https://tugan-qala.kz/team_khromtau ресми сайтында орналастырылуға тиіс.

Хромтау қ. (немесе Хромтау ауданы)
әкімдігінің өкілі

Шабыкбаев С.




Жобалау орталығының басшысы

Князбаева Ж.



Сәулетші

Калыкбаева С.

A handwritten signature in dark ink, appearing to be 'С. Калыкбаева', written in a cursive style.

Локацияны абаттандыру нұсқасының эскизі (итерация 3)

